

**Маңғыстау облыстық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 2/18 "Маңғыстау облысының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 5/52 шешімі

Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Маңғыстау облысының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бекіту туралы" Маңғыстау облыстық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы №2/18 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4478 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Маңғыстау облысының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидасында:

6 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю және айдап өту жерлерін айқындау кезінде жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделеді және жүзеге асырылады, сондай-ақ "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 1-тармағына сәйкес жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге қол сұғылмаушылық қамтамасыз етіледі."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат төрағасы*

*Ж. Матаев*